

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Үш айда екі рет шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№7 (138),
ҚАЗАН-ҚАРАША
МІЛӘДИ – 2015,
ҚАЗАҚША – ҚОЙ ЖЫЛЫ
1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұрғұл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, Т.Омарбеков,
Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова,
Ұ.Ысмағұлов – т.ғ.д. доц.;
А.Жұмаділов, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, К.Құнаншипа – т.ғ.к.,
доценттер. С.Дүйсенов – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Ғ.Әбдіхалықова, С.Атаниязов,
С.Ишебаева, Ш.Танмамбетова
– озат ұстаздар.

Басуға 09.10. 2015 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 2100.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
“Дала-принтте” басылды.

Ғылыми-теориялық мақала
авторлары мәтіннің дискісін
не флэшкасын, орысша, ағыл-
шынша түйін және тарихшы
докторлардың бірінен жазбаша
пікір әкелуге міндетті. Өйт-
кені жарияланымның ғылыми
нақтылығына авторлар мен
рецензенттер жауапты.

Ал ұстаздардың мақала-
сына түйін мен пікір қажет
емес. Олар журналға жазыл-
ған түбіртегінің көшірмесін
салуды тиіс. Авторлардың
байлап-тұжырымдары редак-
ция көзқарасымен сәйкеспей
де мүмкін. Көшіріп басылса
не пайдаланылса сілтеме жа-
салуды тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен деректемелер

Тоқболат Еңсегенұлы, Сейілхан Тоқболат. Алтай көне түріктері...	2
Талас Омарбеков, Гүлнар Хабижанова.	
Қазақ этногенезінің өзекті мәселелері.....	6
Айнагүл Сағынаева. Қыпшақтардың материалдық мәдениеті..	11
Рахия Дәрменова. Ұлттық қолданбалы қолөнер.....	13
Эльвира Абланова.	
Маңғыстау халқы және саяси репрессия	15
Арайлым Мұсағалиева. Ақмола облысындағы лагерлер.....	18
Қарлығаш Жылқышыбаева. Ерліктері егіз екі ару.....	23
Р.Бейсембина, С.Илгидаева, В.Балтабай.	
Образец служения Отечеству.....	25
Гүлзағира Өтен. Өзбекәлі Жәнібековтің заманхаты.....	27
Күлшат Сымағұлова. Қытай мәдениетіндегі діни құбылыс....	29
Айнұр Айнабекова. Дін – тура жол.....	31
Әсел Азатова. Алаш зиялылары және ағарту мәселелері.....	33
Анаргүл Досетова. Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы саясаты....	35
Танысыңыз: журналдың белсенді насихатшылары.....	37

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Гүлназ Ақпанбетова. Кәсіби даму және рефлексия.....	39
Жұмабек Ғабдолов. Қазақ хандығы кезеңіндегі елдік идеясы... 41	
Бауыржан Айманов. Шоқан және билер соты мәселесі.....	43

Пән бірлестігі сөз алады

Гүлшара Серікбаева. Қазақ хандығының ішкі-сыртқы жағдайы..	46
Бағдагүл Ахметова. Есім хан тұсындағы Қазақ хандығы.....	47
Жұмагүл Төлеуова.	
Қазақстандықтар Ленинград және Мәскеу үшін шайқаста.....	48
Гүлмира Кекілбаева. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысында... 48	
Нұржамал Озангайиева. Тәуелсіз Қазақстанның Атазаңы.... 50	
Айбек Бейсекенов. 1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір... 51	
Айнагүл Қалиева. Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл.....	52
Ербол Ысқақов. Экономикалық аудандастыру.....	53
З.Майданали, Л.Хасанаева.	
Современные методики преподавания.....	54

меңгерді, сөйтіп өз жетістігімен кезінде Еуропаға да танылды. Сонымен, бұл бағыттағы көкейде сақталған ойды Г.В.Вернадскийдің: «*Естественным результатом монгольского мира стал определенный культурный обмен между Китаем, Ближним Востоком и Европой*», — деген сөзімен білдіріп, Шығыс халқы ұйқыдағы Еуропаны оятып, өмірге қажетті зор жетістіктерді тарту етті.

Қысқасы, бұл аймақ — Алтай тілді қауымдастығы дәуірінен бастап мәдениеті, тілі, өнері, кәсібі, жазуы ерте дамыған көне түркілердің асыл ордасы. Мына зерттеуде келтірілген мәліметтер, көне түркілер, әсіресе, темірден, қымбат тұтыну заттарын жасап дүниеге танылғанын айғақтай түседі.

РЕЗЮМЕ

В настоящей статье выполнен краткий обзор древнетюркской культуры Горного Алтая в период VI - X веков нашей эры, искусству, написанных на камнях рунических надписей, героическому их мужеству, проявленных в борьбе за родную землю. Главная задача — сохранить и придать гласности обычаи и традиции, своеобразие малых тюркских народностей, стоящих на грани забвения.

This article gives an overview of ancient Turkic culture of the Altai Mountains in the period of VI - X centuries AD, art, written in stone runic inscriptions, their heroic courage in the struggle for their land. The main task - to preserve and make public customs and traditions, originality small Turkic peoples, standing on the brink of oblivion.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. М. — Л: 1950. — 380 с.
2. Овчинникова Б.Б. Тюркские древности Саяно-Алтая в VI-X веках. Свердловск: УрГУ. 1990. — 223 с.
3. Рыгдылон Э.Р. Китайские знаки и надписи на археологическом предметах с Енисея // Эпиграфия Востока. — Т. V. — М. — Л: 1951. С. 113-120.
4. Кызласов Л.Р. История Тувы в середине века. — М: 1969. — 211 с.
5. Крюков М.В., Малявин В.В., Софронов М.В. Этническая история китайцев на рубеже средневековья и нового времени. — М: 1987. — 312 с.

Түркістан қаласы.

АТА ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТАРИХЫНАН

ҚАЗАҚ ЭТНОГЕНЕЗИНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Талас ОМАРБЕКОВ,
ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі,
профессор, ҚР ҰҒА Құрметті академигі,
Гүлнар ХАБИЖАНОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

Тәуелсіздік тұсында біраз жетістіктерге қол жеткізе де тарих ғылымы қазақ халқының шығу тегі туралы мәселені тереңдете зерттеуге әлі де бара алмай отыр. Мұның әр түрлі себептері бар. Біз оларды әңгімелеуден гөрі осы тақырыптың қазақ үшін аса маңыздылығын қозғағанды жөн көрдік. Әзірге анықталғаны қазақ этногенезі бүгінде едәуір дамуға қол жеткізген әмбебап ғылымдардың біріккен көмегімен ғана шынайы қорытындылар жасауға қол жеткізе алады. Бұл жерде біз генеология, археология, түркология, этнология, филология, антропология, мәдениеттану тәрізді көптеген ғылым салаларының жетістіктерін тарихи салыстырмалы түрде айналымға қосу қажеттігін айтып отырмыз. Бұл ғылым салаларының нәтижелері әлі күнге дейін күрделі мәселелерді шешуде тарихи-салыстырмалы түрде қарастырылмай, мәселеге бір ғана ғылым саласы көзімен — жазба деректерді талдаумен шектеліп келеміз. Әсіресе, тоталитарлық жүйе тұсында дамымай кенже қалған генеология саласының, әсіресе, шежіре деректерінің қазақ этногенезі мәселелерін анықтаудағы орны мен рөлі зор екенін түсінетін уақыт жетті. Қазақ ру-тайпаларының тарихына байланысты көп томдық еңбектер

жазған кезімізде қазақ шежіресімен тікелей жұмыс істеуге тура келді [1]. Сонда аңғарғанымыз, қазақ шежіресінде келтірілген деректердің 90 пайыздан астамы тарихи шындықпен үндесіп жатыр. Мұның басты себебі: қазақ кем дегенде өзінің жеті атасын есте сақтауға баса мән беріп, ал енді өзінің ата тегін бұрмалауға ешқашан да жол бермеуге тырысқан.

Әсіресе, тарихи тұлғаларды және олардың есімдерін тиянақтауда шежірелік деректердің маңызы өте зор. Алайда Қазақ хандығы орнығып, дәстүрлі шежіре жүйесі жаңаша реформаланғанға дейінгі тарихи шежірелер ежелгі және ортағасырларда өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы айтарлықтай шынайы мәліметтер беретінін евроцентристік көзқарастардан арыла қоймаған зерттеушілеріміз әлі де түсіне алған жоқ. Сондықтан да күні бүгінге дейін осы кезеңдердің шежірелік деректерін жазба және т.б. деректермен салыстыра қарап, олардан шындықты іздестіруге деген талпыныс кәсіби тарихшылар арасында сирек көрініс беруде.

Қазіргі біздің пайдаланып жүргеніміз — XVI ғасырдағы «Қасым ханның қасқа жолы» әмбебап реформасын жүзеге асыруда қосым-

ша өзгерістер енгізіліп нақтыланған және жаңғыртылған қазақ шежіресі деп ойлаймыз. Бұл шежірелерді ежелгі қытай жылнамаларымен салыстыра қарастыру, тарихымыз үшін аса маңызды кейбір тарихи тұлғалардың есімдерін және қызметін анықтауға мүмкіндіктер береді. Мысалы, XVI ғасырда өмір сүрген Матай бабаның шежіресі арқылы кезінде есімі бүкіл Ұлы жүз тайпаларына ұран болған Бақтиярдың оныншы ұрпағы болып табылатын, б.з.д. 177-104 жылдар шамасында ежелгі үйсіндерге билік жасаған шежіре деректерінде **Елсау** деп берілетін **Елжау бидің** (Күнбидің) ұрпақтары Нулыны, Дулыны және қытай деректері бойынша б.з.д. 104-93 жылдар шамасында Елсаудан кейін ел билеген **Жөнші биді** (қазақ шежіресінде Жөншенар) қазақ шежіресінен де кездестіреміз [2, 83-б.]. Егер берірек келсек, Түргеш (Сарыүйсін) қағанаты тұсында Сары түргештерден (Сарыүйсіндерден) шығып, ел билеген **Сақал қаған** (қытай жазбаларында Coqe), **Қараша би** (ол қытай жазбаларында да осылай аталады) және т.б. тарихи тұлғалар шежіре мәліметтерінде де кездеседі. Олардың қазақ шежіресі бойынша өмір сүрген кезеңдері де қытай жылнамаларындағы уақыт мерзімдерімен сәйкес келіп жатады.

Қазақ хандығы тұсында қожалар тарапынан едәуір реформаланған кейінгі қазақ шежіресін талдап оқыған адам одан жазба тарихи деректерді айқындай түсетін және толықтыра алатын тарихымызға аса керекті және құнды мәліметтерді кездестіре алады. Тек оны зерттеуге деген ықылас болсын деңіз. Осындай дұрыс пиғыл біз бас шұлғып мойындайтын көптеген еуропалық ғалымдарда болған жоқ. В.В.Бартольд тәрізді сұңғыла ғалымдардың өздері де қазақ тілін білмегендіктен, шежіре тәрізді құнды деректің өлшеусіз маңызын дұрыс түсіне алған жоқ. Ол сондықтан да кезінде Діқанбай батырдан жазып алған қазақ шежіресін өзінің еңбегінде басқа жазба деректермен тарихи-салыстырмалы түрде кеңінен пайдаланған Н.А.Аристовтың зерттеуіне жазған көлемді ғылыми сын-пікірінде бұл туралы бір ауыз сөз айтуға жараған жоқ [3, 266-277-бб.]. Өкінішке орай, қазақ халқының және оны құраған ру-тайпалық бірлестіктердің шығу тарихына қалам тартып жүрген кейбір қазақ зерттеушілерінің өздері де шежіре деректерін әлі күнге дейін менсінбей, бір ғасыр бұрын өмір сүрген осы В.В. Бартольдтың қателігін қайталап, еуроцентристік ойлау ауқымынан шыға алмай жүр.

Әрине, біз бұл жерде қазақ шежіресінің деректік маңызын біржақты асыра бағалаудан аулақпыз. Барлық деректер тәрізді шежіре деректерінің де өзіне тән объективті және субъективті себептерден туындайтын мынадай кемшіліктері бар: **біріншіден**, шежірелік деректер XVI-XVII ғасырларда ретке келтірілгендіктен, оларда моңғол жаулап алуынан бұрынғы түркілік кезеңдегі шежірелік мәліметтердің біразы сақталмаған. Осы кезеңде халықтардың моғол, ноғай, татар, және өзбек атты жаңа этно-әлеуметтік қауымдастықтары қалыптаса бастағандықтан халықтар шежіресі жаңаша жасала бастады; **екіншіден**, шежірені жаңаша, жүйелі негіздеуді қолға алған қазақ қоғамындағы сауаттылар тобы қожалар мен сопылар болғандықтан, рулық-тайпалық шежірелер бастауларын қожалардан тарату әдетке айналған;

үшіншіден, моңғол жаугершілігіне байланысты рулар мен тайпалар құрылымында орын алған өзгерістер XIV ғасырдан бастап қазақ этногенезінде шежіренің толықтырылған жаңа үлгісін қалыптастырды. Бұл бойынша кейініректегі тарихи тұлғалар ортағасырлардағы тарихи тұлғалармен ауыстырылды. Мысалы, XIV-XV ғасырлар тоғысында өмір сүрген және жеті тайпаға (Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты, Дулат, Албан, Суан) билік жасаған Бәйдібек би VII ғасырда Түргеш (Сарыүйсін) мемлекетінде Ашына әулетінің ең соңғы қағанын Құлан қаласында өлтіріп, «Он оқ еліне» **«қарадан** (қара түргештерден, яғни Дулулар және Нұшбе тайпалық бірлестіктеріне кіретін рулар мен тайпалардан) **шығып хан болған»** Бай баға қағанмен ауыстырылды; **төртіншіден**, шежірені құрастырған шежіреші тарапынан субъективті қателіктерге жол берілген. Әдетте кейбір шежірешілер ру тармақтарын таратқанда қатар тармақтардың орындарын немесе аталықтар тарайтын есімдерді әр түрлі себептермен, өздері де байқамай, ауыстырып алады. Бұл соншалықты күрделі нәрсе емес: шежірелердің балама нұсқаларын өзара салыстыру және олардағы кісі есімдерін басқа деректермен тарихи-салыстырмалы түрде қарастыру жолымен тарихи шындықты айқындауға мүмкіндіктер бар.

Алайда шежіре мәліметтері осындай олқылықтарына қарамастан, өзіндік дәстүрлі ерекшеліктері бар тәл тарихымыздың ұмытылған немесе бұрмаланған кейбір тұстарын қалпына келтіруге көп көмегін тигізеді. Мұны әсіресе, XVI ғасырдан бұрын, яғни шежіре деректері Қазақ хандығы тұсында реформаланардан бұрын жазылған шежірелерге бағыштар едік. Олардың қатарында әрине, Қытайдағы қандас бауырларымыз ежелгі Қытай тілінен тікелей аударған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» (Үш кітап), «Ежелгі Үйсін елі», «Ұлы Түрік қағанаты» атты еңбектер, Махмұт Қашқаридің оғыздарға қатысты «Моңғолдың құпия жылнамасындағы» түрік-моңғол атауларының пайда болуына қатысты, Рашид ад-диннің түріктердің және моңғолдардың, сондай-ақ оғыздардың шығу тегі, Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» атты мемуарлық еңбегінің шежірелік бөлігі, Өтейбойдақтың Албан тайпасына байланысты «Тектелгісі», Мұхамед Хайдардың Дулат тайпасы өмірлерінің шығу тегіне арналған шежіре деректері, Әбілғазының «Түрік шежіресі», Өтеміс қажының «Шыңғыснамасындағы» тарихи тұлғалардың шығу тегі, Қадырғали Жалайырдың шежірелері лайықты орын алады. Бұлардағы және т.б. жазба шежірелік деректердегі мәліметтерді XVI ғасырда және одан соң жаңаша жүйеленген қазақтың дәстүрлі ауызша шежіресімен (Матайдың, Қазыбек бектің, Діқанбай батырдың, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің, Н.Наушабаевтың, М.Тынышбаевтың, Х.Аргынбаевтың, М.Мұқановтың, В.Востровтың, С.Толыбековтың, Х.Мадановтың, З.Сәдібекулының және т.б.) тығыз байланыста ғылыми айналымға қосып қарастырудың тарихымызды зерделеудегі маңызы орасан зор. Мұндай зерттеу едістерінің тарихымыздағы шешуші орны мен маңызын алғаш түсінген Ш.Уәлиханов, М.Тынышбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Марғұлан, Н.Мыңжан, Қ.Халид, М.Жолдасбеков, А.Сейдімбек, Ж.Артықбаев тәрізді

қазақ деген халықтың қалыптасу тарихына шынайы жанашыр тарихи тұлғалар мен азаматтар ұстанған зерттеу бағыты. Алда да ұлт тарихын көркейтеміз десек, осы жолдан таймауымыз керек.

Қазақ шежіресінің бастауларында кездесетін «Үйсін», «Қаңлы» тәрізді атаулардың біздің заманның басында-ақ тарихымызда орын алғанын тарихымыздың көнелігі ретінде көрсетуіміз керек. Сол сияқты моңғол жаулауынан әлдеқайда бұрын көрініс берген «Жалайыр», «Керейт», «Найман», «Қоңырат», «Қыпшақ», «Алшын», «Арғу», «Дулу» тәрізді тарихи этнонимдер де байырғы қазақ этногенезінен сыр шертеді. Оларды қаза зерттеу қазақ тарихының терең тамырындағы бастау тамырларды айқындай түседі. Ал енді оларға мән бермеу, немесе оларды кейінгі қазақ ру-тайпаларына қарсы қою зертеушінің тарихи шындықтан адастырады. Мұндайда тарих қойнауында орын алған күрделі үдерістерге байланысты олардың кейбірінің атаулары диалектік тұрғыдан бұрмалауларға ұшырағанын да ескеруге тиістіміз. Мысалға ең көне атаулардың бірі болып табылатын «Үйсінді» алалық. Шындығында **қытайлардың «үсін» деп жүргендері – кейінгі қазақ үйсіндерінің байырғы бабалары.** Бұл біздің ғана емес, қытайдағы археологтардың тарапынан да дәлелденген нәрсе [4]. Егер еуроцентристер айтып жүргендей, ежелгі сақтар ирантілдес болса, ал олардың мекеніне қоныстанған оларға туыстас, үйсіндер кезінде бүгінгі қазақ жерінен көшкен және біржолата жойылып кеткен ұлыс болса, кейінгі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңіріндегі жалпылама үйсін аталатын қазақ ру-тайпалары қайдан шыққан? Оларда ежелгі бабалар, этникалық тамыр, көне тарих жоқ болғаны ма? Тарихи деректерді салыстырып қараған адам мұндай екі түрлі тайпаның болмағанына, «үсін» және «үйсін» атауларының шын мәнінде бір ұлыстың аты екендігіне бірден көз жеткізе алады. Бірақ бұл үшін аталған мәселені қасақана бұра тартпай, ақ ниетпен зерттеуге тиіспіз.

Птолемейде және қытай жылнамаларында кездесетін «үсін», «үйсін», «исседон (исен)» атауларының түп қазығы бір екендігіне А.Н.Бернштам, Кингемилл, Ғ.Мұсабаев, К.Ақышев, Ғ.А.Кушаев, О.Смағұлов, Н.Мыңжан, Н.Мұхамедхан тәрізді ғалымдардың зерттеулерімен таныссаңыз, айқын аңғарсыз. Птоломейде атап көрсетілетін исседон сақтарының қытай жылнамаларындағы үсендер екендіктерін, олардың мәдениетінің ортақтығын айқындаған археологтар дәлелдеп берді. Н.А.Бернштамның өзі «сақ-үйсін мәдениеті» деген түсінікті ғылыми айналымға енгізіп, аталмыш тайпалық одақтарды бір мәдениеттің екі сатысы ретінде қарастырған еді [5, 83-102-б.]. Бұл археологиялық деректермен ғана емес, ежелгі қытай жылнамаларымен де мақұлданып отыр. Ғылымда әлдеқашан дәлелденген осы ақиқатты бұрмалауға бүгінде қандай қажеттілік бар?

Орталық Қазақстандағы исседондардың Тасмола мәдениетін зерттеген белгілі археолог К.Ақышев олардың біздің заманымыздан бұрын солтүстік батыстан Оңтүстік Қазақстан аймағына жылжығандары туралы ежелгі Птолемейдің айтқандарының рас екендігін нақты атап көрсеткен еді [6, 15-б.].

Қазақтың ежелгі шығу тегін баяндағанда тайпалар арасындағы сабақтастыққа мән бер-

меу тарихымызды жүйелі түрде жазуға үлкен кедергі жасап келеді. Осы орайда мынадай көзқарастардың орын алып отырғанын да айтпасқа болмас: ғұндар ұлы йозыларға бас салды, кейінгілер ығысып, Іле бойындағы сақтарға бас салды, сақтар оңтүстікке көшіп, олардың орнына ұлы йозылар орнықты. Ұлы йозыларға Елжау бидің бастауымен үйсіндер бас салды, және батысқа ауған ұлы йозылардың орнына үйсіндер орнықты. Үйсіндерді батысқа кеткен ғұндардың қалдықтарынан құралған Юебандар қуып шықты, Олардың бәрін Теле тайпалық одағына кірген гаогуьлар, яғни ұйғырлар қуып шықты. Ұйғырлардан қашқан бұрын Телелерді билеген, қыпшақтардың бабалары саналатын Сір және Енда тайпалары ұйғырлардан қашып, Ертіс бойындағы Қимақтарды басып алды, олар батысқа өздерімен бірге Алшындарды ала кетті. Қазақстан аумағына шығыстан оғыздар да қашып келіп, Сір бойынан Қаңлыларды қуып шықты. Оларды Батыс Қазақстанға келген қыпшақтар қуып шықты. Міне, тарихымызды осылай баяндап жүргендер бар. Бұдан аңғаратынымыз, ежелгі қазақ тарихы деп жүргеніміз бірін-бірі қуалаған, ығыстырып шығарған тайпалар жосыны ғана болып шығады.

Деректерді тиянақты түрде оқыған және қазақ даласындағы ру-тайпалар тарихымен нақты айналысқан кісі қазіргі Қазақстан аймағынан ауа көшкендер – негізінен тұтас тайпалар емес, олардың саяси билікте болған қағандары мен хандарын қолдаушылар және соларға амалсыз ілескен жекелеген рулар екенін айқын аңғарады. Сірттан көшіп келгендердің басым көпшілігі осы ортада орнығып қалып қойды және олар оның бүгінгі аумағынан түгелдей қотарыла көшіп кеткен жоқ. Өздерінің саяси билеушілерін, яғни қағандарын және хандарын қолдайтын белгілі бір рулық әлеуметтік одақтар мен топтар ғана басқа аймақтарға амалсыздан қоныс аударды. Бұл Орхон жазуларында да, Қытай жылнамаларында да нақты айтылған. Шығыстағы Орхон өзені аңғарларынан, солтүстіктегі Алтынтаудан (Алтайдан) оңтүстіктегі Канға (Самарқанға) және төменгі Темірқақпаға дейінгі аймақ ежелден-ақ, түгелдей түркітілдестер көшіп-қонып жүретін аймақ болған. Естемі қағанның Қапаған қағанның, Күлтегиннің Темірқақпаға дейін барып-қайтып жүрулерінің басты себебі де осында.

Сондықтан да тарихымызда әр түрлі қағанаттар орын ауыстырғанымен олардың этникалық құрамы көп өзгере қоймады. Қазақстан аумағындағы Юебань, Түргеш, Қарлық, Қарахан, Қарақытай, Қыпшақ, Моңғол мемлекеттері құрамында жаңа одақтастыққа негізделген кейбір жаңа рулық бірлестіктер өсіп шықса да, тіптен оларға үстемдік жасайтын тайпа аттары ауысса да түркітілдес байырғы халықтың сапалық құрылымы елеулі өзгерістерге ұшырай қойған жоқ. Қаңлылар, Шу рулары (Чуе, Чумуген, Чуми), Тоқсылар, Шығылдар, Аздар және т.б. тайпалар Жетісудан табан аудармай, VI-X ғасырлардың өн бойында бірнеше мемлекеттік бірлестіктерді (қағанаттарды) бастап өткізді. **Қазақ халқы дала төсімен шауып өте шыққандардан емес, сандаған ғасырлар бойы осы аймақты табан аудармай қоныстанған тұрақты, автохтонды ру-тайпалардан халық болып құралды, ел болып өсіп шықты.** Олардың алғашқы бастауында Сақтар, Сарматтар, Ғұндар, Үйсіндер, Қаңлылар тұрғанын ұмытуға

жолмайды. Бұлардың бірін мойындап, ал екіншілерін мойындамай, теріске шығарып жүргендер тарихи шындықты қалпына келтірушілер емес, керісінше, қазақтың бөлшектенбес, біртұтас тарихының ірге тасына сына қағып, осылайша қазақ тарихын қалпына келтіруге кедергі жасап жүргендер.

Қазақстан аумағынан прототүркі сақтардан, үйсіндерден, йұрпандардан (юбандардан), сары үйсіндерден (түргештерден) құралған «Он оқ» (ежелгі үйсіндердің жалғасы Бес түрік Дулу (Дулаттар және т.б. үйсін тайпалары) және Бес Нүшебе (қырғыздар, үйсіндер) елі, ежелгі Дайлар мен кейініректегі Оғыздардан құралған Адайлар, Сірлер мен Қимақтардан құралған Қыпшақтар, Аорстардан, Қыпшақтар мен Аландардан құралған Алшындар, ежелгі Қарақаңлылардан, Оғыздардан және Қаратүргештерден құралған Қаракесектер бірлестігі (Алты ата Әлім), баяғы Арағұндардан, кейініректегі Басмылдардан, Қарлықтардан, Арағулардан құралған Арғындар, Байырку конфедерациясынан және Сегіз оғыздар бірлестігінен шыққан Наймандар, Сиренда бірлестігінен және Тоғыз оғыздардан бастау алатын Керейлер мен Қоңыраттар, Онқұттардан шыққан Уақтар және т.б., Байырку бірлестігінен және Меркілерден шыққан Жалайырлар, ежелгі Қаңлы одағында болған Шанышқылылар және т.б. кейінгі қазақ деген халықтың құралуына бастау болған ру-тайпалардың басым көпшілігі басқа жақтан көшіп келгендердің емес, осы Орталық Азия аймағын ежелден-ақ өздерінің тарихи отандарына айналдырып, осы өлкеде айнала көшкендердің ұрпақтары. Көшпелілер дегенде көшіп кететіндерді емес, өздерінің тұрақты көшу аймақтары бар рулар мен тайпалардың қарауындағы халықтарды айтуымыз керек. Қаңғыбас «номадтар» мен көшпелілердің айырмашылығы да, міне, осыдан туындайды.

Орталық Азия деп отырған себебіміз – ол кезде Қазақстан аумағы деген этно-саяси ұғым болған жоқ. Оның үстіне қазіргі қазақ ұлтын құрап отырған рулар мен тайпалардың арғы бабалары осы Орталық Азия аймағында кең тарап, өзара қойындаса қоныстанған болатын. IX-XII ғасырлар аралығында Жалайырлар Онон өзенінің төменгі ағысы бойында жатса, Наймандар Толы және Орхон өзенінің төменгі ағысында, Керейтер Орхонның орта ағысында, ал Қоңыраттар қазіргі Моңғолияның оңтүстік батыс аймағында өмір сүрді.

Осыған байланысты «бүгінгі қазақты құраған тайпалар о бастан қай тілде сөйлеген?» деген сауалға да қисынды жауап іздестіруіміз керек қой. Егер де оңтүстік батысынан басып кірген тайпалар иран тілінде, ал шығысынан келген тайпалар моңғол тілінде сөйлесе, қазақ деген халықтың Қазақстан аумағындағы қыпшақ тілдері тобына жататын шұбарланудан таза әрі ортақ, әрі бірегей бай да құнарлы тілі қалай қалыптасқан? XI ғасырдан, яғни М.Қашғари заманынан бері негізінен аса күрделі өзгерістерге ұшырай қоймаған қазақтың қазіргі тілі ол кісіден X ғасыр бұрын түркітілдес емес, ирантілдес немесе моңғол тілдес еді дегенге кімді сендіре аласыз? Жүйелі логика қайда? Осы тұрғыдан келгенде қазақты құраған тайпалардың бабалары о бастан-ақ прототүрік (арғытүрік) тілінде сөйлеген, ал сырттан келген бірен-саран және ұсақ-түйек басқа тілде сайраған кірмелерді қаныққан

бояуы қалың ежелгі түркі тілділер жұтып қойып отырған деген пікір әлдеқайда ақылға қонады.

Қазақтың шығу тарихына үңілсек, оның әу бастан-ақ ірі де іргелі тайпалық бірлестіктер негізінде ұлыс болып ұйыса бастағанын айқын аңғарамыз. Сондықтан да «қазақ» атауының шығуын ежелгі Аландар арасында өмір сүріп, кейіннен жоғалып кеткен кішкентай Касог ұлысынан, немесе Бес Нүшебе бірлестігі құрамындағы шағын да елеусіз «Қасо» тайпалары атауларынан және т.б. осындай ұсақ этнонимдерден іздестіру ақиқаттан адасу, тіптен халқымыздың іргелі тарихи тамырларын көпе-көрнеу әдейі жұпынылау болып шығады. Тарих сахнасында бір рет жалт етіп көрініп, көп кешікпей-ақ елеусіз қалып, ғасырлар қатпарларына көміліп, ұмыт болған ешкім білмейтін шағын тайпалар мен ұлыстар атаулары «қазақ» этнониміне ұқсас естіле тұрса да, халқымыздың елеулі ел болып ұйысуына ұйытқы бола алмайтынын түсінгеніміз жөн.

Кейбір өзіміздің қандас зерттеушілеріміздің көшпелілер өркениетінде өзіндік ізі және орны бар қазақ деген ұлы халықтың тарихын көнелендіре түсемін деген ниетпен оның арғы тегін шағын да қораш русымақтар атауынан шығаруға намыстанбайтындары, осылайша өздері де байқамай халқымыздың өткенін қорлайтындары еріксіз ойландырады. Данагөй халқымыз о бастан-ақ «Алты сан Алашты» құраған үлкен тайпалық бірлестіктер төңірегіне бірігіп ел болғанын және белгілі бір тайпаға этно-саяси артықшылықтар бермеу үшін Алашты құраған мықты тайпалардың ешқайсысының да атауын халықтың ортақ аты ретінде қабылдай қоймағанын әрқашан есте ұстауымыз керек.

Қазақ тарихы оны әдейі байырғыландыра, қолдан ежелгілендіре түсуге тіптен де мұқтаж емес. Ертеректегі тарихымызды анықтап алуға апаратын айқын жол – «қазақ» этнонимін ежелгі тарихтан іздестіру емес, оны халық етіп құраған ру-тайпалардың біздің заманымыздан бұрынғы дәуірлерден басталатын көне этникалық тамырларын тарихи сабақтастық принципін ұстана отырып, тереңдете зерттеу. Яғни, қалай ел болғанымызды айқындаймыз десек, рулар мен тайпалар тарихын кеңінен қарастыруға тура келеді. Ежелгі және ортағасырлардағы мемлекеттілік тарихы да осындай жүйеге бағынады. Өйткені, қағанаттар мен хандықтар тарихы шын мәнінде белгілі бір тайпалық бірлестіктің немесе этностың саяси билікке келуінен басталады.

Қазақ халқының этникалық негіздері ірі тайпалардың Алаш одағына ұйысуларымен тікелей байланысты екендігін жоғарыда атап кеттік. Бұл әсіресе, XIII-XV ғасырларда Қазақ қауымдастығынан бұрын Алаш қауымдастығы қалыптаса бастаған тарихи кезеңде айқынырақ көрініс берген еді. Халық қалыптаспай тұрып, оның мемлекеттілігі қалай орнамақ? Халқы этногенетикалық тұрғыдан құралмаған, күшпен құрылған саяси империялар сондықтан да ыдырап кетті. Осындай маңызды этно-тарихи мәселені шешіп алмай тұрып, қазақ мемлекеттілігінің қашаннан басталатынын айқындамақ болғандарға еріксіз таңғаласыз. Бұл дегеніңіз маңызды мәселені аяғымен емес, басымен қою ғой.

Алғаш халық, содан соң ғана мемлекет құ-

ралатынын неге ұмыта береміз? «Қазақ» атауы тарих алаңында көрініс бермей тұрып, яғни XIII-XIV ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағындағы ру-тайпалардың қандай этноқауымдастық құруға ұмтылғандарын анықтап алайық та әуелі. Әйгілі «Маджму ат-Таварих» шежіресіндегі 92 баулы өзбек тайпаларының алғашқы ондығына енген ірі тайпаларға назар аударсақ, рулық қоғамдағы өздерінің ықпал-беделдеріне қарай орналасқан Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман, Қыпшақ тайпаларын кездестіреміз. Бұлардың алғашқы үшеуі кезінде Қадырғали бабамыз жазғандай «Үш сан Алаш мыңына» жатса, және «үлкені жалайыр болса», ал кейініректе бәрі қосылып «Алты сан Алашты» құрады [7, 228-б.]. Мұндағы бір ескеретін нәрсе, «Алты сан Алашты» құраған ірі тайпалардың атаулары, яғни этнонимдері VIII-IX ғасырлар тоғысынан бастап қана біртіндеп тарих сахнасына шыға бастады. Ал енді қазақты құраған осы ірі тайпалардың атауларынан (Алты сан Алаштан) «Қазақ» деген атауды әлдеқайда бұрын шығарып жүргендерге не деуге болады? Қазақ халқы өзін құраған тайпалардан да бұрын қалыптасты дегенге кімді сендіре аласыз? Мұндайда «Алаш» атауының «Қазақ» этнонимінен әлде қайда бұрын (VII ғасырдан) қолданылса да, Қазақ хандығы тұсында да, алғашқысының кейінгісіне синоним ретінде айтылып, тіптен қатар қолданылып келгенін де ескергеніміз жөн.

Қазақтың Үш жүзінің тарихына байланысты да осындай дәрекі қателіктерге жол беріп келеміз. Кейбір зерттеушілеріміз қазақ жеріндегі жүзге бөлінудің XVI ғасырда басталған және XVII ғасырдың алғашқы жартысында «Есім ханның ескі жолы» аталатын этно-әлеуметтік реформалар барысында аяқталған күрделі тарихын алыстағы түркі дәуірінен іздестіріп әлек. Ежелгі Ұлы йозылардан (Юечжилерден) «Ұлы жүз» атауын іздестіріп жүргендер – тарихи шындықтан мүлде адасқандар. Біздіңше, бұл екі атау екі түрлі мағына береді. Хронологиялық тұрғыдан қарастырғанда Ұлы йозылар өмір сүрген кезеңнен, яғни б.з. дейінгі кезеңнен бастап, кейінгі қазақтың Ұлы жүзінің қалыптасу уақытына дейінгі аралықта сандық ғасырлар жатыр. Аз ғана уақыт өмір сүріп, ешқандай да маңызды саяси рөл атқармай, тарихта атауы ғана сақталған және тарих сахнасынан кеткеніне талай ғасыр болған шағын мемлекет атауы қалайша қазақтың кейінгі Ұлы жүзіне сабақтастықпен орныға алады? Тарихи-салыстырмалы тұрғыдан қарастырғанда да, олардың этникалық құрылымдары белек. Бұрынғы Ұлы йозыларды ежелгі үйсіндер ғана емес, ефталиттер (қазіргі Кіші жүздегі Кердерілердің бабалары) де құраған болатын. Мұндайда тағы да мынаны ұмытпауымыз керек: халқымыз қазақ атанған соң ғана, объективті және субъективті себептерге байланысты біртіндеп Үш жүзге бөлінуге мәжбүр болды. Бірақ қазақ жүздері деп жүргендеріміз баяғы Ұлы йозылар тәрізді жеке этно-саяси арыстар немесе ұлыстар емес қой. Ол бар болғаны біртұтас, бөлінбес халықтың саяси-шаруашылықтық және территориялық бөлімдері ғана.

Тағы бір дәрекі қателігіміз – тарихымыздағы қазақ жүздерінің орны мен рөлін тек жағымсыз тұрғыдан сипаттауға дағдыланып алуымыз. Керісінше, халқымыздың этно-тарихи қауымдастығын нығайта түсудегі және осынау ұлан бай-

тақ аймақты қолда ұстап, жаудан қорғап қалуымыздағы қазақ жүздерінің этно-саяси және ұйымдастырушылық қызметі әлі де әділетті бағалана қойған жоқ. Бұл жерде жүздердің шынайы тарихын кейінгі қоғамдағы жүзге бөлінушілік тәрізді ұнамсыз, ешкімге де абырой әпермейтін, тағылдармен шатастырудың зияндығын айтпасақ та болар еді.

Қорыта келгенде айтарымыз – тәуелсіз Қазақстанымыздың өзі тәрізді ұлттық тарихымыз да әлі жас. Әсіресе, мемлекет құрушы қазақ халқының өзінің қалыптасу тарихы әлі ғылыми жүйеге түспей отыр. Оның «қабырғасы қатайып, бұғанасы бекуі» үшін әлі де талай ұрпақтың «тер төгіп», белсенді еңбектенулері керек. Сондықтан да «*ежелгі тарихпен әуестенгенді қойыңыздар, бізге бүгінгі тарих қана қажет*» деп жүргендер шын мәнінде қазақ деген халықтың өткеніне де, өзінің ата-бабасына да немкетті қараушылар деп ойлаймыз. Мұндайда өзінің тарихын толық білмеген халықтың, экономикасы мен саясаты қаншама қарыштап дамыса да, этногенетикалық және рухани тұрғыдан әрқашан жетім елдер қатарынан алысқа ұзай алмайтынын ұмытуға тиіс емеспіз. Сондықтан да «*Жеті ғасыр тарихын білмеген ел жетім, жеті атасын білмеген ер жетім*» деген болатын данышпан халқымыз. Осы қағиданы ұмытпай есте сақтауға тиіспіз.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы этногенеза казахского народа. Авторами показана роль различных источников, в том числе казахской генеалогии в изучении данной темы и уделено внимание вопросам их историко-сравнительного анализа. Авторы отмечают необходимость соблюдения ответственности в вопросах исследования истории происхождения родоплеменных этнонимов.

In the article current problems of Kazakh people ethnogenesis are discussed. The role of sources variety is shown by the authors, including Kazakh genealogy in studying this topic and also paid attention to its historical and comparative analysis. The authors point out the need to respect continuity in the study of tribal ethnonyms history origin aspect.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Көп томдық. – Алматы: «Алаң» тарихи-зерттеу орталығы, 2005-2009 жж.
2. Н. Мынжан. Қазақтың қысқаша тарихы. А., 1994.
3. Бартольд В. В. Рецензия на книгу: Н. А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности (1997). // Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М., 2002.
4. Ежелгі Үйсін елі. – ҚХР Шыңжаң Халық баспасы, 2005.
5. Бернштам А. Н. Очерк истории гунов. – Л., 1951.
6. Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – А., 1963.
7. Маджму ат-Таварих. // Материалы по истории киргизов и Киргизии (второе изд.) – Бишкек, 2002.